

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КРИПТОЛОГИЯ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Республика мектептерінің оқушыларына арналған криптология бойынша олимпиаданы (бұдан әрі — Олимпиада) өткізу туралы осы ереже олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу, оны ұйымдастырушылық және әдістемелік тәртібін қамтамасыз етуді, олимпиадаға қатысу тәртібін және жеңімпаздарды айқындайды.

Олимпиаданың ұйымдастырушысы Oqylyq.kz жүйенің қолдауымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп Республикалық физика-математика мектебі болып табылады.

Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері дарынды оқушыларды анықтау, оларды одан әрі зияткерлік дамыту және кәсіби бағдарлау, оқушылар арасында криптологияны тарату және танымал ету үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады.

2. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Олимпиадаға республика мектептерінің 10-11 сынып оқушылары жеке қатыса алады.

3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Олимпиада онлайн режимде өткізіледі, ұзақтығы 120 минут, бір турдан тұрады, 20 тест тапсырмасы ұсынылады. Әр тапсырма 3-тен 7 балға дейін, жалпы 100 баллға дейін бағаланады. Есептердің шарттары мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген. Олимпиадаға қатысу үшін оқушылар 09.05.2024 ж. сағат 23:59-ға дейін Google нысаны бойынша <https://forms.gle/SpU8mFKjW2Raofox6> тіркелуі керек

Олимпиада автоматтандырылған прокторингті қолдана отырып, Oqylyq.kz жүйесінде өткізіледі.

Олимпиада күні мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://app.oqylyq.kz/>
Авторизациялау үшін ЖСН мен «12345678» парольді енгізу қажет.

4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

Олимпиаданы өткізу күні: 11.05.2024
Басталуы: сағат 10:00-де

5. ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

Есептерді құру, жұмыстарды бағалау, жеңімпаздарды анықтау мен марапаттау ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүргізеді.

Апелляция жоқ.

Олимпиаданың барлық қатысушылары қатысу туралы электронды сертификат алады.

Қатысушылардың кемінде 30% - ы I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Дипломдар саны 1:2:3 пропорциясына қарай анықталады.

Алғашқы 6 үздік нәтижеге қол жеткізген қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

Барлық нәтижелер сайтта жарияланады: <https://almaty.fizmat.kz/kz/>